

"Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген, таратылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 мамырдағы № 488 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1042 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.04.2017 № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген, таратылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 мамырдағы № 488 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 33, 313-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген, таратылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Таратылған шахталар қызметкерлеріне "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорны төлейтін залалды (зиянды) өтеу сомалары осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген лауазымдар мен кәсіптер, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қызмет түріне қарамастан Қарағанды облысының аумағында орналасқан, жерасты тәсілімен тас көмірді өндірумен айналысатын ұйымдар бойынша инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне пропорционалды түрде жыл сайын ұлғайтылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тиісті жылға бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын 7-күніне дейін " Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорны қаржыландыруды жүзеге асырады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

"10. "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорны бөлінген қаражат бойынша ай сайын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне келесі айдың 20-күніне дейін өткен айдың есебін ұсынады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК